




<https://www.kaznu.kz/kz/3/news/one/27365/>

<https://qazaqadebieti.kz/30846/az-u-da-abaitanu-antologiyasy-10-tomdy-y-zhary-k-rdi>

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫғыНДА
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАғы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРАСТЫРУЫМЕН
10 ТОМДЫҚ «АБАЙТАНУ АНТОЛОГИЯСЫ» ЖАРЫҚ КӨРДІ**

Антологияның алғашқы томы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласымен ашылған.

Көптомдық бұған дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалып, «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» 50 томдық басылымының негізінде жинақталды. «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Табысқа жету үшін ғалымдардың талай буынының тәжірибесіне, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептердің арнаулы ақпарат және білімдерінің көп терабайт көлеміне негізделген дербес ғылыми база қажет болады», - деген қағида бар. Институт ғалымдары дайындаған «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық сериялық басылымы мен «Абайтану антологиясы» 10 томдығы – осы қағиданы іске асырудағы нақты жетістік.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде абайтану ғылымы саласы бойынша ғалымдардың талай буынының тәжірибесіне, тарихи қалыптасқан ғылыми мектептер өндірген білімдерге негізделген дербес ғылыми-ақпараттық база жасалды. Ол – абайтану саласындағы ғылыми-ақпараттық құндылықтарды сақтау мен байытудың, насихаттау мен зерттеудің, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындаудың әлеуметтік маңызы зор ашық электронды ақпараттар қоры. «Абайтану антологиясы» - осы базаның басты құрамдас бөлігі.

Он томдық – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі, абайтану тарихындағы елеулі еңбек. Оны тетігін тауып пайдалану елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, қоғамдық санамыздың дамуына қызмет етпек.

Бұдан бөлек, институт Абайдай кемеңгер тұлғаның мәні терең, ұлағаты зор ой-тұжырымдарынан іріктеліп дайындалған «Абайдың кісілік кодексін» көпшілікке ұсынып отыр. Көзі ашық, көкірегі ояу әр қазақтың жүрегін оятып, кісілікке үндейтін бұл кодексте өз халқын адамшылық пен ізгілік жолынан айнымауға шақырып, әр қазақтың бойына адамшылықтың қағидаларын сіңіруді мақсат еткен бас ақынның өмірлік өсиеті қамтылған



кодекс.pdf



50 томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің интеллектуалдық е-ресурстар қорындағы басты құндылық

<https://dalanews.kz/bilim/72236-qazuu-da-abaytanu-antologiiasy-10-tomd>